

Профессор Б.Х.Хабижанов редакциясымен баспаға дайындалған

«Бала кардиологиясы» оқулығына

РЕЦЕНЗИЯ

«Бала кардиологиясы» оқулығы мемлекеттік тілдегі дер кезінде жазылып, медицина қауымына, оның ішінде болашақ дәрігерлерге өте қажет кітап.

Балалардың жүрек және қантамыр жүйесінің анатомиясын, анатомия-физиологиялық ерекшеліктерін, функциясын және патологиялық өзгерістерін қамтитын клиникалық медицинаның үлкен тармағы бойынша жазылған ерекше оқулық. Кітаптың тілі жатық, оқуға оңай суреттер, кестелермен жабдықталған. Жаңа ғылыми деректер, диагностика мен ауру еміндегі соңғы өзгерістер, заманауи дәрілер мен олардың дозалары толық берілген.

Оқулық заман талабына сай: кіріспе алғы сөз, глоссария, әр тарауда берілген әр аурудың анықтамасы, этиологиясы, патогенезі, жіктелуі, клиникасы, лабораторлық-аспаптық зерттеулер, диагноз қою шарттары, емі, алдын алуы, болжамы бойынша жазылған. Әр тараудың басында түйінді сөздер, ал соңында білімді тексеруге арналған сұрақтар қосылған. Қолданылған әдебиеттер маңызды және жеткілікті.

Қорытынды: Профессор Б.Х.Хабижанов редакциясымен дайындалған «Бала кардиологиясы» оқулығы мемлекеттік тілдегі медицина саласындағы өте құнды оқулық екені анық және баспадан шығаруға болады деп есептейміз.

МЕББМ Қазақстан-Ресей медицина университеті
балалар жұқпалы аурулары курсымен педиатрия кафедрасы
профессоры, м.ғ.д.

С.А.Диканбаева

